# Астрахан ауданында 2009 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Астарахан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 35 қаулысы. Ақмола облысы Астарахан ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 наурызда № 1-6-95 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі № 4С-20-10 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2010.04.05 № 4С-20-10 қаулысымен*

Қоғамдық жұмыстар жүргізуге жұмыс берушілердің өтініштерін,и Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабы-на, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыс-пен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінің 7,8 тармақтарына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мақсатында және оларды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін, Астрахан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.2009 жылы Астрахан ауданында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2.Қаржыландыру аудан бюджетінің қаражатынан жүргізілсін.

3.Қосымша бойынша, ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары мен қатысушылардың еңбекақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

4.Ауылдық округ әкімдері, кәсіпорын, ұйым басшылары қоғамдық жұмыстарды ұсынылған өтінімдер бойынша, уақытша жұмыс орнын жасау жолымен жүргізсін.

5.Астрахан ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

азаматтарды қоғамдық жұмыстарға кезекте тұру тәртібімен, олардың ерікті келісімімен, тіркелу күніне сәйкес жіберін;

қоғамдық жұмыстарға Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес ең алдымен мақсатты топтағы жұмыссыздарды бағыттасын;

қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен шарттар жасассын.

6.Астрахан аудандық «Қаржы бөлім» мемлекеттік мекемесі қоғамдық

жұмыстарды бекітілген жиынтық қаржыландыру жоспарына сәйкес қаржы-ландырсын.

7.Осы қаулының орындалуын Астрахан аудан әкімінің орынбасары М.Қ Қожахметке жүктелсін.

8.Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

9.Қаулы Астрахан ауданының әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

*Астрахан ауданының әкімі Р.Әкімов*

КЕЛІСІЛГЕН:

*Астрахан ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Жұмақаев*

*Астрахан ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Ғ.Шонабаева*

*Астрахан ауданының «Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Жүсіпова*

Астрахан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 35 қаулысына қосымша

**Ұйымдардың, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен жағдайлары және қаржыландыру көзі мен қатысушылардың еңбекақысы мөлшерінің Тізбесі**

| № | Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелердің атаулары | Қоғамдық жұмыстың түрлері | Бір адамның атқаратын жұмыстарының нақты жағдайлары мен көлемі | Төлем ақысы (мың теңге) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Астрахан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Әр үйді аралау және санағы; аумақты тазарту; әлеуметтік-мәдени маңыздағы объектілерді жөндеуге және | 300 аула, шартқа сәйкес жағдайда; 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда; 200 шаршы метр, шартқа сәйкес | ең төмен жалақыдан кем емес; ең төмен жалақыдан кем емес; ең төмен жалақыдан кем | Аудандық бюджет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайта жаңартуға қатысу; жалғыз басты қарттарға және мүгедектерге үйлерін жөндеуге қатысу | жағдайда;<br>2 пәтер, шартқа сәйкес жағдайда; | емес;<br>ең төмен жалақыдан кем емес; | |
| 2 | "Астрахан ауданының Жалтыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Әр үйді аралау және халық санағы; аумақты тазарту; әлеуметтік - маңыздағы объектілерді жөндеуге және қайта жаңартуға қатысу; жалғыс басты қарттарға және мүгедектерге үйлерін жөндеуге қатысу | 300 аула, шартқа сәйкес жағдайда;<br>11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда;<br>200 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда;<br>2 пәтер, шартқа сәйкес жағдайда; | ең төмен жалақыдан кем емес; ең төмен жалақыдан кем емес;<br>ең төмен жалақыдан кем емес;<br>ең төмен жалақыдан кем емес; | Аудандық бюджет |
| 3 | "Астрахан ауданының Старый Колутон ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 4 | "Астрахан ауданының Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 5 | "Астрахан ауданының Новочеркас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 6 | "Астрахан ауданының Николаев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 7 | "Астрахан ауданының Колутон ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 8 | "Астрахан ауданының Есіл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 9 | "Астрахан ауданының Первомай ауылдық округі әкімінің | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | | Аудандық бюджет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | ең төмен жалақыдан кем емес | |
| 10 | "Астрахан ауданының Камышен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 11 | "Астрахан ауданының Бесбидайық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 12 | "Астрахан ауданының Острогор ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 13 | "Астрахан ауданының Жерсуат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |
| 14 | "Астрахан ауданының Каменка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту | 11000 шаршы метр, шартқа сәйкес жағдайда | ең төмен жалақыдан кем емес | Аудандық бюджет |

қа

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК